

Байғанин ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Байғанин аудандық әкімдігінің 2014 жылғы 17 ақпандағы № 53 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 28 ақпанда № 3785 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Байғанин аудандық әкімдігінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 272 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Байғанин аудандық әкімдігінің 29.12.2014 № 272 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заңының 6-бабы 4-тармағы 8-1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 28 мамырдағы № 488 «Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2010-2020 жылдарға арналған «Балапан» бағдарламасын бекіту туралы» қаулысына сәйкес Байғанин аудандық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Байғанин ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері осы қаулының 1, 2, 3-қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ш.Спановаға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі	Н.Аққұл
	Аудан әкімдігінің 2014 жылғы 17 ақпандағы № 53 қаулысына 1-қосымша

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы

№	Тұрғылықты жердің атауы	Мемлекеттік білім беру тапсырысы есебінен мектепке дейінгі ұйымдарға орналастырылатын балалар саны (адам)

1	Байғанин ауданы	75
	Барлығы	75

	Аудан әкімдігінің 2014 жылғы 17 ақпандағы № 53 қаулысына 2-қосымша
--	--

Бір айдағы жан басына шаққандағы қаржыландыру көлемі

Бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың орташа құны (теңге)	Мектепке дейінгі ұйымдар				
	Балабақшалар (бөбек балабақша, орталықтар)				
	Сұйық отынмен жылытатын нысандар				
	1-ден 3-ке дейін топтар	4-тен 5-ке дейін топтар	6-ден 7-ге дейін топтар	8-ден 9-ға дейін топтар	10-нан және одан артық топтар
	Экологиялық дағдарыс аумақтарында тұрғаны үшін коэффициентін есепке алғанда 1,2				
	Ауылдық жерде				
	42508				
	Қалалық жерде				

кестенің жалғасы

Мектепке дейінгі ұйымдар									
Балабақшалар (бөбек балабақша, орталықтар)									
Қатты отынмен жылытатын нысандар					Газбен және орталықтандырылған жылу жүйесімен жылытатын нысандар				
1-ден 3-ке дейін топтар	4-тен 5-ке дейін топтар	6-ден 7-ге дейін топтар	8-ден 9-ға дейін топтар	10-нан және одан артық топтар	1-ден 3-ке дейін топтар	4-тен 5-ке дейін топтар	6-ден 7-ге дейін топтар	8-ден 9-ға дейін топтар	10-нан және одан артық топтар
Экологиялық дағдарыс аумақтарында тұрғаны үшін коэффициентін есепке алғанда 1,2									
Ауылдық жерде									
37900					22273	29119			
Қалалық жерде									

	Аудан әкімдігінің 2014 жылғы 17 ақпандағы № 53 қаулысына 3-қосымша
--	--

Бір тәрбиеленушіге күніне ата-ананың ақы төлеу мөлшері

Мектепке дейінгі ұйымда баланы ұстау ақысының мөлшері (теңге)	Мектепке дейінгі ұйымдар		
	балабақша (бөбек-балабақшалар, орталықтар)		балалар толық күн болатын
	ұйымдарда болу ұзақтығымен		мектепке дейінгі шағын
	9-10,5 сағат	12 сағат	орталықтар
	300	0	0

Ескертпе: Бір тәрбиеленушіге күніне ата-ананың ақы төлеу мөлшері 300 теңгеден артық емес.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК